КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 маусым №4712-25-00-2/1638 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ай-Али-Сұңқар» басшысы Динара Қынатбекқызы Тұрдалиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ай-Али-Сұңқар» басшысы Динара Қынатбекқызы Тұрдалиева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Ай-Али-Сұңқар» басшысы Динара Қынатбекқызы Тұрдалиевадан мемлекеттің пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 16.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2025, судья Бекболатов А. Т., 18.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

4712-25-3-1/1437